КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 17 наурыз №2301-25-00-2/128 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Н.С.Жаугаштиев болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Аудандық маңызы бар Құлсары қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«AMT - Consalting» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор К.Таргинова,
талап қоюшы өкілі С.Аязбай,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылдың 19 қарашада «Аудандық маңызы бар Құлсары қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен «AMT – Consulting» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (орындаушы) арасында құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №108 келісім шарт жасақталған.

Аталған келісім шартқа сәйкес жауапкер 176 дана көше жарығын сатып алу және орнатуға міндеттенген. Шарт сомасы 12 500 000 теңгені құрайды. Шарттың техникалық сипаттамасына сай жұмыстардың орындау мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін деп белгіленген. 2024 жылдың 21 қарашада шарт қазынашылық органында тіркелген.

Алайда, шартқа қол қойылғаннан бастап 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін жауапкер шартта көзделген қызметті көрсетпеген және жұмыстарды бастамаған.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап қоюшы сотқа жолдаған өз талабын жауапкердің тараптар арасында жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қуаттап, талапты қанағаттандыруды сұрады және 2024 жылы Атырау облысы Құлсары қаласында орын алған су тасқыны салдарынан үйлері топан суға кеткен тұрғындар үшін мемлекет тарапынан 100 үй салынғанын, шарт бойынша жауапкер осы жаңадан салынған үйлердің көшесіне жарық орнатуы тиіс болғанын, жауапкердің шартта көзделген міндеттемені орындамауы салдарынан көшеге жарық орнатылмағанын, бұл жағдай тұрғындар тарапынан наразылық тудырғанын, сонымен қатар, жауапкердің шартта көзделген міндеттемені орындамауы салдарынан бюджет қаржысы уақытылы игерілмегенін, сондықтан бұл мән-жай жағымсыз салдар екенін түсіндірді.

Сот отырысының өтетін орны мен уақыты туралы хабарлы болғанымен, жауапкер сот отырысына келген жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігінің талабына сай, сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы.

Сот, жауапкер өкілінің сот отырысына қатыспауын дәлелсіз деп танып, істі жауапкер өкілінің қатысуынсыз қарады.

Прокурор талап қою қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (бұдан әрі– Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың <u>тізілімі</u> өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызметті атқарған жоқ және тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдар орын алған, өйткені, аталмыш жұмыс халықтың игілігіне арналған.

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 27.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.04.2025, судья Султангалиева А. Е., 02.05.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен заңда көзделген мерзімде жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, №1 талап қою негізді және қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап қою бойынша

Тапсырыс берушінің мердігерден тұрақсыздық айыбын өндіру құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 292-293, 298-баптарына сәйкес келеді.

Шарттың 8.3-тармақшасында, жұмыстардың орындау мерзімі өткен жағдайда, тапсырыс беруші мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мердігерден мерзімі өткен әрбіп күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады).

Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасынан 10% артық болмауы тиіс.

Талап қоюшы айыппұл мөлшерін 2024 жылғы 21 қараша мен 31 желтоқсан аралығындағы 40 күн үшін 500 000 теңге деп есептеген. Сот, бұл есепті дұрыс деп санайды.

Мұндай жағдайда, сот, №2 талап қою қанағаттандырылуға, жауапкерден мемлекет кірісіне 500 000 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады деген тұжырымға келеді.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 16 966 (1966+15 000) теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Аудандық маңызы бар Құлсары қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің «AMT - Consalting» жауапкершілігі шектеулі

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 27.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.04.2025, судья Султангалиева А. Е., 02.05.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«AMT - Consalting» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«AMT - Consalting» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 500 000 (бес жүз мың) теңге тұрақсыздық айыбы, 16 966 (он алты мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «___» _____2025 жылы заңды күшіне енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 27.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.04.2025, судья Султангалиева А. Е., 02.05.2025

2301-25-3-1/83